КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 19 желтоқсан №7119-24-00-2/15426 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Арапов» атынан Арапов Сансызбай

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап коюшы «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер «Арапов» атынан Арапов Сансызбайды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Арапов» атынан Арапов Сансызбай мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Арапов» атынан Арапов Сансызбайдан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 19.12.2024
Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 29.01.2025
7119-24-3-1/14888

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 29.01.2025

7119-24-3-1/14888